

Жұманбаева Н.А.¹, Алимқұлов Е.Т.²

¹заң ғылымдарының кандидаты, доцент, «Тұран» Университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: nonna.aldabergen@mail.ru

²заң ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: alimkulov1980@gmail.com

**ПРОЦЕСТІК КЕЛІСІМ:
ЖАЛПЫ ТҮСІНІГІ, ОНЫҢ НЫСАНДАРЫ**

Бұл мақалада қылмыстық іс жүргізудің жаңа институттарының бірі процестік келісім түсінігі және қазіргі кездегі негізгі нысандары қарастырылады. Процестік келісім қазіргі кездегі мемлекетіміздің демократиялық даму бағытындағы ізгілік және қылмыстық процестің тиімділігі мен үнемділігі мақсатын жүзеге асыруға септігін тигізетін үлкен институт.

Бұл мақалада авторлар процестік келісімнің дүниежүзілік және отандық ғалымдардың ой-пікірлерін салыстыра отырып өзіндік түсінікті ашып кетуге тырысады. Сонымен қатар қылмыстық процестік кодексте берілген процестік келісімнің түрлерін, оларды пайдалану ерекшеліктерін және нысандарын мейлінше қарастырып, зерттеу жұмысын жүргізеді. ҚР ҚПК-нің 612 бабында көзделгендей жасалған процестік келісім шеңберінде қылмыстық істерді тергеп-тексеру мынадай жағдайда, яғни онша ауыр емес, ауырлығы орташа не ауыр қылмыстар бойынша – күдікті, айыпталушы келтірілген күдікпен, айыптаумен келіскен жағдайда – кінәні мойындау туралы мәміле нысанында; қылмыстық топ жасаған қылмыстарды, өзге де адамдар жасаған аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстарды ашуға және тергеп-тексеруге ықпал ету кезінде барлық санаттағы қылмыстар бойынша ынтымақтастық туралы келісім нысанында жүргізіледі.

Мақаланың мақсаты – осы саладағы жинақталған теориялық және тәжірибелік білімге, сондай-ақ қазіргі ҚПК нормаларына сәйкес, қылмыстық істер бойынша қылмыстық іс жүргізу заңдарын және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар және процессуалдық келісім институтының теориялық тұрғыдағы мәнісін ашу болып табылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі қылмыстық процесс барысында күдікті, айыпталушы, сотталушының қорғалу құқықтарын, қылмыстық процестің тиімділігін, үнемділігін қамтамасыз етумен айқындалады. Талдау негізінде авторлар процессуалдық келісім институтының түсінігі мен нысанын саралау барысында отандық және халықаралық тәжірибені талдау жасауға тырысты.

Түйін сөздер: процестік келісім, айыпталушы, кінә, қылмыстық процесс, прокурор.

Zhumanbaeva N.A.¹, Alimkulov E.T.²

¹Candidate of Law, Associate Professor, «Turan» University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: nonna.aldabergen@mail.ru

²Candidate of Law, Associate Professor, al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: alimkulov1980@gmail.com

Procedural agreement: general concept and forms

. In this article, the authors examined the issues of the new institution of the criminal process as a procedural agreement, namely its concept and procedural form. The institute of procedural agreement shows the development of criminal procedural legislation in a democratic direction, which in its way are aimed at the effectiveness and economy of the criminal procedural legislation.

In this article, the authors, having investigated the world and domestic opinions concerning procedural despondency, try to give their own, author's opinion of the concept of procedural agreement. Also, the authors examined and disclosed the types of procedural agreement, the specifics of their application and the form of the procedural agreement.

In accordance with Article 612 of the Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan, it is possible to conclude two types of procedural agreements: in the form of a plea bargain – for crimes of small, medium gravity or grave crimes – in the case of the consent of the suspect accused of suspicion and prosecution; in the form of an agreement on cooperation – for all categories of crimes in facilitating the disclosure and investigation of crimes committed by a criminal group, especially serious crimes committed by other persons, as well as extremist and terrorist crimes.

The purpose of this article is to explore the procedural agreement based on theoretical and practical knowledge already accumulated in this field, as well as the norms of the current CCP, on the basis of which to develop proposals for improving the criminal procedural legislation and law enforcement practice.

The relevance of the research topic is conditioned by the fact that in the criminal process the main is to ensure the right to defend the suspect, accused and defendant, as well as ensuring the efficiency and economy of the criminal process.

On the basis of analysis, the author analyzes the concept and form of the procedural agreement, and also conducts an analysis of domestic and international practice.

Key words: procedural agreement, accused, guilt, criminal trial, prosecutor.

Жұманбаева Н.А.¹, Алимкулов Е.Т.²

¹кандидат юридических наук, доцент, Университет «Тұран»,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: nonna.aldabergen@mail.ru

²кандидат юридических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: alimkulov1980@gmail.com

Процессуальное соглашение: общее понятие и формы

В данной статье авторами рассмотрены вопросы нового института уголовного процесса как процессуальное соглашение, а именно его понятие и процессуальная форма. Институт процессуального соглашения показывает развитие уголовного-процессуального законодательства в демократическом направлении, которые в своем роде направлены на эффективность и экономичность уголовно-процессуального законодательства.

В данной статье авторы, исследовав мировые и отечественные мнения, касающиеся процессуального соглашения, пытаются дать свое авторское определение понятию процессуального соглашения. Также авторами исследованы и раскрыты виды процессуального соглашения, особенности их применения и формы процессуального соглашения.

В соответствии со статьей 612 УПК РК предусмотрена возможность заключения двух видов процессуальных соглашений: в форме сделки о признании вины – по преступлениям небольшой, средней тяжести либо тяжким преступлениям – в случае согласия подозреваемого, обвиняемого с подозрением, обвинением; в форме соглашения о сотрудничестве – по всем категориям преступлений при способствовании раскрытию и расследованию преступлений, совершенных преступной группой, особо тяжких преступлений, совершенных иными лицами, а также экстремистских и террористических преступлений.

Цель этой статьи заключается в том, чтобы, опираясь на теоретические и практические знания, уже накопленные в данной области, а также нормы действующего УПК, исследовать процессуальное соглашение, на основе которого выработать предложения о совершенствовании уголовно-процессуального законодательства и правоприменительной практики.

Актуальность темы исследования обусловлена тем, что в уголовном процессе основным является обеспечение права на защиту подозреваемого, обвиняемого и подсудимого, а так же обеспечение эффективности и экономности уголовного процесса.

Автор проводит анализ понятия и формы процессуального соглашения, а также проводит анализ отечественной и международной практики.

Ключевые слова: процессуальное соглашение, обвиняемый, вина, уголовный процесс, прокурор.

Кіріспе

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік заңнамасы үлкен реформаларға ұшырап отыр, оның ішінде жаңа институттар жүйесі қосылып жатыр. Осы институттар қатарына жасырын тергеу әрекеттері,

қорғалу құқығы бар куә және процестік келісімді айтып кетуге болады. ҚР ҚПК 7 бабының 37 тармақшасына сәйкес, процестік келісім дегеніміз – қылмыстық процестің кез келген сатысында прокурор мен күдікті, айыпталушы немесе сотталушы немесе сотталған адам арасында ҚР ҚПК 13 бөлімінде (63,64 тараулар) көзделген

тәртіппен және негіздер бойынша жасалатын келісім.

Процестік келісім онша ауыр емес, ауырлығы орташа не ауыр қылмыстар бойынша күдіктімен жасалады. Аталмыш келісім қылмысты есі дұрыс емес күйде жасаған немесе қылмыс жасағаннан кейін психикасы бұзылған адамдармен жасалмайды. ҚР ҚПК 613 бабында көрсетілген кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімді жасау шарттары бойынша, күдікті, айыпталушы оған ерікті түрде ниет білдіруі, өзіне келтірілген күдікке, іс бойынша жинақталған дәлелдемелерге, өзі келтірген зиянның мөлшеріне дауласпауы тиіс. Әрине, процестік келісім жасауға ең әуелі жәбірленушінің келісімі керек. Күдікті, айыпталушы процестік келісімнен бас тартуға да құқылы. Тек мұны сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін білдіруі қажет (ҚР ҚПК, 2014: 1).

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімді жасау туралы өтінішхатты қарау тәртібі ҚР ҚПК 615 бабында көрсетілген. Өтінішін күдікті, айыпталушы немесе сотталушы қылмыстық іс жүргізудің кез келген сәтінде сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін мәлімдеуге құқылы. Процестік келісім прокурордың келісімі бойынша жасалуы мүмкін екендігін ескеру қажет. Процестік келісім прокурор ҚР ҚПК 615 баптың 3-тармағында көзделген мәселелерді тексергеннен кейін жазбаша түрде жасалып, оған прокурор, күдікті, айыпталушы, оның қорғаушысы қол қояды. ҚР ҚПК 617 бабы бойынша, «кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісімге қол қойғаннан кейін прокурор күдіктіге қатысты бұлтартпау шарасының күшін жою не оны өзгерту қажеттігі туралы мәселені қарайды».

Негізгі бөлім

Процестік келісімнің процессуалдық ерекшеліктері

Процестік келісім – бұл іс бойынша ерекше іс жүргізу үшін негіз болып табылады. Бұндай іс жүргізудің артықшылығын Ж. Абенова атап көрсетеді. Ол: «процестік келісім қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жеделдетеді, сот талқылауын жеңілдетеді, сондай-ақ сот актілерін орындауды жылдамдатады. Өйткені, кінәні мойындау, сотқа дейінгі тергеп-тексеру стадиясында жасалған қылмыс бойынша мән-жайлардың тез және тиімді түрде анықталуына, дәлелдемелерді өз еркімен беруге көмектеседі. Нәтижесінде келісімдік іс жүргізу

тәртібінде жеңілдетілген тәртіпте істі сотта қарау сияқты, сотқа дейінгі тергеп-тексеру де қысқа мерзімде аяқталады (Абенова, 2016: 2).

Бұдан ары қарай Ж. Абенова былай деп көрсетеді, кінәні мойындау туралы мәмілені жасағанда жәбірленуші де ұтымды жағдайда болады, өйткені ол үшін келтірілген зиянды өндіріп алу маңызды» (Абенова, 2016: 2).

Процестік келісім аясында іс жүргізудің ұтымды жағын айта келе В.И. Самарин, бүгінгі таңда тек құқық қорғау органдары мен қылмыстық қудалау органдарының қызметіне ғана арқа сүйеп қылмыстылықтың көптігіне тиімді түрде қарсы тұру мемлекетке қиын екендігіне назар аударады. Процестік келісімнің енгізілуі, іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ғана емес, сондай-ақ сотта іс жүргізуді де едәуір жеңілдетеді және процестік мүмкіндіктерді ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша қолдануды көздейді (Самарин, 2014: 3).

Осылайша, процестік келісім – бұл іс бойынша іс жүргізудің ерекше түрі.

ҚР Жоғарғы Сотының берген түсінігіне сәйкес, процестік келісім – бұл сотта іс қараумен байланысты, қылмыстық-процестік заңмен реттелген, қылмыстық сот ісін жүргізудің түрі, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша өкілетті субъектілердің арасында және басқа да субъектілердің арасында болатын құқықтық қатынастардың жүйесі (О практике рассмотрения судами уголовных дел в согласительном производстве, 2016: 4).

Қысқартылған тәртіп – бұл қылмыстық сот ісін жүргізу субъектілеріне заңмен жүктелген әрекеттер жиынтығы.

Іс жүргізу – тәртіпке қарағанда кеңірек ұғым. Тәртіп – бұл әртүрлі процестік әрекеттермен жүргізілуі мүмкін іс жүргізудің әдісі. Тәртіп өзіне заңмен көзделген процестік әрекеттердің тәртібін ендіреді.

Бұл ұқсас ұғымдар емес (Азрилиян, 2007: 5).

ҚР ҚПК тиісті ережелерін талдау, процестік келісімнің екі нысанын бөліп қарастыруға мүмкіндік береді:

- 1) кінәні мойындау туралы мәміле;
- 2) ынтымақтастық туралы келісім.

Бұл мәмілелер тек қана қылмыс орын алған жағдайда ғана жасалады. Процестік келісімдер қылмыстық теріс қылық жасаған адамдардың істері бойынша жасалмайды.

Энциклопедиялық тұрғыда кінәні мойындау туралы мәміле – мойындаудың формальды түрінің бірі. Классикалық мысал болып,

сот талқылауының дереу аяқталуы мен айыптау үкімін шығаруға алып келетін, америкалық қылмыстық процестегі *plea-bargaining* табылады. Бұл мәмілелердің негізінде жатқан идея, қарапайым – даулы фактідегі дауды мойындау, даудың аяқталуына алып келеді, яғни бәсекелестік процесінің де тоқтауына (толық немесе жартылай) әкеліп соғады. Шын мәнінде, кінәлілікті (кінәні) мойындау туралы мәміле – бұл заңдық презумпция, өйткені ол жасалған кезде шартты түрде, айыпталушы кінәлі деп саналады. Кінәні мойындау туралы мәміледе құқықтық сана-сезімнің белгілері бар, олардың басты мақсаты – процестік үнемдеу үшін тезірек даулы мәселені «алып тастау», сондай-ақ жазаны жеңілдету (айыпталушының) (Kuczynska, 2014: 6). Бұл да, басқасы да нақты түрде шындыққа жетудің мүддесінен алыстау...

АҚШ-та 80-нен 99 % дейін фелония туралы істер бойынша (яғни англо-саксондық құқықтық жүйеде қабылданған, ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтар категориялары) кінәні мойындау туралы мәміле жасау негізінде қарап-шешіледі. Бұндай жағдай, мәміле жасау арқылы, ең болмағанда аз ғана істер бойынша толық сот процедураларының үнемделуімен түсіндіріледі (Багаутдинов, Нафиков, 2015: 7).

Әртүрлі әдеби және анықтамалық қайнар көздерде қаралып отырған процестік жағдайдың бекітілуіне байланысты айырмашылықтар бар: кінәлілікті мойындау туралы мәміле (Тисен, 2016: 8); кінәні мойындау туралы мәміле (Сухарева, Крутских, 2002: 9). Бірақ мағынасына қатысты емес. Бірақ та, бір сөздікте, АҚШ және әртүрлі басқа да елдердің қылмыстық процесінде кінәні мойындау туралы мәміле – айыптаушы мен қорғаушының арасындағы келісім, соның нәтижесінде кінәні мойындағаны үшін айыптау тарабының қылмыстық заңның бабы бойынша айыптауды «жеңілірек» етіп қайта саралауға міндеттілігін білдіреді деп көрсетілген... Ресей қылмыстық сот әділдігінің қағидаттарына қайшы келсе де, РФ-да бұндай тәжірибе кеңінен қолданылады (Темиралиев, 2011: 10)

Кінәні мойындаудың формальді сипатына мына белгілер жатады:

- процесс барысында тараптардың бір жағының фактіні мойындау туралы жасаған мәлімдемесі, осыған байланысты басқа тараптың өзінің талаптары мен қарсылықтарын негіздеуі;
- бұндай мәлімдеудің негізінде, басқа тараптың бұл фактіні негіздеу қажеттілігінен босатылуы;

– бір тараптың бұл фактіні мойындауының негізінде осы фактінің дәлелденгеніне теңестіру (Азрилиян, 2007: 5).

Тарихи түрде формальды мойындаудың әртүрлі түрі қалыптасқан. Оларға мыналар жатады: 1) кінәлілікті (кінәні) мойындау туралы мәміле; 2) мақсатты мәмілелер, яғни сот ісін жүргізуді жеңілдету туралы мәмілелер (немесе суммарлы іс жүргізу).

Мақсатты мәмілелер РФ ҚПК «айыпталушының оған тағылған айыппен келіскен жағдайдағы соттың қабылдайтын шешімінің ерекше тәртібі» деп аталады. Процестік келісімнің қандай да түрін қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаған немесе қылмыс жасағаннан кейін психикасының бұзылумен ауырған адамдармен жасауға болмайды (Jovanović, Stanisavljević, 2013: 11).

А.В. Смирнов және К.Б. Калиновский атап көрсеткендей, жалпы теориялық тұрғыда жеделдетілген және жеңілдетілген сот ісін жүргізу – бұл қылмыстық істерді қысқа мерзімде және жеңілдетілген тәртіпте шешу бойынша қылмыстық процестің нысандары (Смирнов, Калиновский, 2007: 12).

Англо-американдық құқықтық жүйеде жеделдетілген және жеңілдетілген нысандар суммарлы іс жүргізу деп аталады (Азрилиян, 2007: 5). Бұндай іс жүргізу онша ауыр емес қылмыстар бойынша қарастырылған. «Суммарлы» термині *summarius* деген латын сөзінен пайда болған, және – қысқа мәтіні, жинақталған, соңғы деген мағынаны білдіреді (Москвин, 2007: 13).

Соған қарамастан, суммарлы іс жүргізу жеделдетілген және жеңілдетілген іс жүргізудің бәріне бірдей тән емес. Бұл ереже бұндай іс жүргізуді мақсатты іс жүргізу деп атаған, ресей заң шығарушысымен қаперге алынған.

«Мақсатты» термині *celerantes* деген латын сөзінен пайда болған, жылдам, шапшаң деген ұғымды білдіреді (Алламурадов, 2007: 14).

Суммарлы іс жүргізуді мақсатты іс жүргізудің бір түрі ретінде қабылдаған жөн.

Процестік келісімнің (немесе мақсатты процестің) міндеті мыналар болып табылады:

- процестік үнемдеуге қол жеткізу;
- қылмыс жасалған уақыт пен кінәліні жаза-лау кезеңі арасындағы мерзімнің қысқартылуы;
- тараптардың татуласу мүмкіндігі.

Процестік келісім сот ісін жүргізудің қағидаттарын бұзбайды, өйткені заң тараптардың құқығы мен заңды мүдделерінің сақталуының қосымша кепілдіктерін қарастырады.

Заңда кінәні мойындау туралы мәміле жасаудың шарттары қарастырылған. Мұндай шарттарға мыналар жатады:

1) адам процестік келісім жасау туралы ерікті түрде ниет білдірсе. Мұндай адам ретінде күдікті немесе айыпталушы бола алады;

2) күдікті, айыпталушы келтірілген күдікке, айыптауға және іс бойынша қылмысты жасағанына қолда бар дәлелдемелерге дауласпаған жағдайда;

3) күдікті, айыпталушы өзі келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне дауласпаған жағдайда;

4) жәбірленуші процестік келісім жасасуға келіскен болса.

Заң шығарушы процестік келісім жасауға шектеулерді белгілейді. Бұндай шектеулер, мынандай жағдайларда орын алады:

1) қылмыстардың жиынтығына қатысты, егер олардың ең болмағанда біреуі ҚР ҚПК 612 және 613-баптарында көзделген талаптарға сәйкес келмесе, атап айтқанда – қылмыс аса ауыр болса; күдікті, айыпталушы келтірілген күдікпен келіспесе; адам қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаса немесе қылмыс жасағаннан кейін психикасының бұзылумен ауырса; процестік келісімді жасаудың ерікті түрде болуы қағидаты бұзылса; күдікті, айыпталушы келтірілген күдікке, айыптауға және іс бойынша қылмысты жасағанына қолда бар дәлелдемелерге, өзі келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне дауласқан жағдайда;

2) егер жәбірленушілердің ең болмағанда біреуі процестік келісім жасасуға келіспесе.

Қолданыстағы заңда процестік келісімге қатысушылардың құқықтары мен міндеттері бекітілген. Күдікті, айыпталушы құқылы:

– сот шешім қабылдау үшін кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін процестік келісімнен бас тартуға құқығы бар;

– процестік келісімді жасаудан бас тарту туралы мәлімдеме жасағаннан кейін, қайтадан процестік келісім жасауға құқылы;

– сот ісі бойынша шешім қабылдау үшін кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін, іс жүргізудің кез келген сатысында процестік келісім жасау туралы өтінішхат мәлімдеуге құқылы;

– процестік келісімге қол қоймай тұрып, өзінің қорғаушысымен жеке және құпия түрде процестік келісімнің шарттарын талқылауға құқылы.

Жәбірленуші, азаматтық талапкер құқылы:

– қылмыстық істе немесе азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен азаматтық талап қоюға құқылы;

– кінәні мойындау туралы мәмілені жасау немесе жасамау туралы келісім жасау туралы мәлімдеуге;

– кінәні мойындау туралы мәмілені жасау туралы немесе процестік келісім жасау туралы бірінші рет бас тартқаннан кейін, қайтадан процестік келісім жасау туралы мәлімдеуге;

– кінәні мойындау туралы мәмілені жасау барысында қылмыспен келтірілген зиян туралы мәлімдеме жасауға;

– кінәні мойындау туралы мәмілені жасаудың салдарлары туралы прокурордан тиісті түсініктер алуға.

Күдіктінің, айыпталушының, оның қорғаушысының және жәбірленушінің міндеттері:

– кінәні мойындау туралы мәмілені жасау мүмкіндіктері туралы сұрақтарды шешу үшін прокурордың шақыртуы бойынша келу;

– кінәні мойындау туралы мәмілені жасау мүмкіндігі туралы мәселелерді шешу барысында прокурорға түсінік беру;

– жәбірленуші кінәні мойындау туралы мәмілені жасауға келісім берген кезде қылмыспен келтірілген зиянның мөлшері туралы талабын өзгертпеуге.

Прокурор құқылы:

– кінәні мойындау туралы мәміле жасауға бастама бола алады, сондай-ақ мұндай келісімді жасай алады (19т.) ҚР ҚПК 193 бабының 1 бөлігі;

– тергеуді жүзеге асыратын органнан кінәні мойындау туралы мәміле жасауға қажетті әрекеттерді жүзеге асыру үшін істі сұратып алуға;

– кінәні мойындау туралы мәміле жасаудан бас тарту туралы мәлімдеуге немесе қорғау тарабымен мәміле жасауға;

– егер іс бойынша тергеу немесе процестік әрекеттерді жүргізу қажеттілігі туындаса, істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына жіберуге.

Прокурор міндетті:

– тараптармен процестік келісімнің шарттары сақтағалғанда-кінәні мойындау туралы мәміле жасауға түріндегі келісімге қол қоюға;

– келісімге қол қойылғаннан кейін таңдалған бұлтартпау шарасын өзгерту немесе оның күшін жою туралы шешім қабылдауға;

– заңның барлық талаптары орындалған жағдайда сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталды деп тануға және істі айыптау актісінің дереу сотқа жіберуге;

– кінәні мойындау туралы мәміле жасауға жататын істің сотқа жіберілгендігі туралы жәбірленушіге хабарлауға;

– кінәні мойындау туралы мәміле жасауға өтінішхат білдірген адамға, процестік келісім жасаудың салдарлары туралы, сондай-ақ оны жасаудан бас тартуға құқығын түсіндіруге міндетті.

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімнің құрылымы мен мазмұны.

Бұл жазбаша түрде жасалатын, өз алдына жеке процестік құжат. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімді шартты түрде мынандай құрылымдық бөлуге болады:

- 1) бағыт беретін мәліметтер;
- 2) негізгі бөлім;
- 3) куәландырылатын бөлім.

Мәліметтер (реквизиттер) (латын сөзінен *requisitum* – талап етілетін, қажетті), заңмен немесе өзге де акт ережелерімен бекітілген болмаса, құжаттың заңды күші болмайтын міндетті деректер дегенді білдіреді (Джекебаев, 2002: 15).

Кең мағынада заңдық маңызы бар құжаттың мәліметтеріне (реквизиттеріне), оның құрастырылуына өзінше жасауға жол берілмейтін, біркелкі талаптар қойылатын барлық бөлімдері жатқызылады. Бағыт беретін мәліметтерге қатысты айтар болсақ, біз ҚР ҚПК 616 бабының 1 бөлігінің 1) – 3) тармақшаларында көзделген кіріспелік мәліметтерді түсінуді ұсынамыз.

Процестік келісімнің негізгі бөлімі мына элементтерден тұрады:

1) қылмысты (оның жасалған уақытын, орнын, сондай-ақ ҚР ҚПК 113 бабының ережелеріне сәйкес дәлелденуге жататын басқа да мән-жайларын);

2) ҚР ҚК Ерекше бөлімінің ережелеріне сәйкес қылмыстың саралануы (ҚК тармағын, бөлігін, бабын көрсете отырып);

3) ҚР ҚК 53 бабының тиісті бөлігіне, тармақшасына сілтеме жасай отырып, күдіктіге, айыпталушыға қатысты қолданылуы мүмкін, қылмыстық жауаптылық пен жазалауды жеңілдететін мән-жайлар, сондай-ақ, процестік келісімде көрсетілген шарттарды сақтаған және міндеттемелерді орындаған адамға қолданылатын ҚР ҚК 55 бабының 4 бөлігінің ережелерінде көзделген қылмыстық заңның нормалары (аталған қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан жеңілірек жаза тағайындау);

4) күдіктінің, айыпталушының процестік келісімнің шарттарынан туындайтын міндеттемелері. Мұндай міндеттемелерге белгіленген уақытта кінәсін өтеу; қылмыспен келтірілген зиянды өтеудің нысаны; жәбірленушіге төленуі тиіс зиянның соммасы т.с.с.;

5) ҚР ҚК 55 бабының 4 бөлігінің ережелерін қолдана отырып, осы қылмыс үшін ҚР ҚК көзделген санкция шегінде прокурор сұрайтын жазаның түрі мен мөлшерінің көрсетілуі (ҚР ҚК, 2014: 16)

6) ҚР ҚПК 614 бабының ережелеріне сәйкес, кінәні мойындау туралы мәміле түріндегі процестік келісімді жасау барысында туындайтын салдарлардың көрсетілуі;

7) ҚР ҚПК 613 бабының 1 бөлігінің 3 тармақшасының ережелеріне сәйкес, кінәні мойындау туралы мәміле түріндегі процестік келісімді жасау туралы жәбірленушінің келісімінің көрсетілуі.

Кінәні мойындау туралы мәміле түріндегі процестік келісімнің куәландырылатын бөлімі прокурордың, күдіктінің, айыпталушының, оның қорғаушысының қол қоюынан тұрады.

Кінәні мойындау туралы мәміле түріндегі процестік келісімді жасау барысындағы өкілетті адамдардың әрекет ету алгоритмі тиісті құқықтық қатынастардың субъектілерінің мәртебесіне байланысты әртүрлі болады (Laxminarayan, Pemberton, 2014: 17).

Прокурор мына әрекеттерді жүзеге асырады:

1) процестік келісімге қол қояды;

2) күдіктіге қатысты бұлтартпау шарасы туралы мәселені қарастырады, қажет болған жағдайда оны өзгертеді немесе күшін жояды;

3) дәлелдемелердің жеткіліксіздігі анықталған жағдайда, тергеу және өзге де процестік әрекеттер жүргізу үшін істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына жібереді;

4) жасалған қылмыстың кінәні мойындау туралы мәміле түріндегі процестік келісімді жасауға кедергі келтіретін жағдайлары анықталғанда, ҚР ҚПК 615 бабына сәйкес келісім қисынды мерзімде қайта қаралуға жатады; кедергі келтіретін жағдайлар жойылған кезде, ҚР ҚПК 616 бабында көзделген ережелерге сәйкес жаңа процестік келісім жасайды; егер процестік келісімді жасауға кедергі келтіретін жағдайларды жою мүмкін болмаған жағдайда, прокурор ол (процестік келісім) өзінің күшін жойды деп есептейді;

5) заңмен көзделген барлық әрекеттер аяқталған кезде істі аяқтап және оны дереу сотқа жібереді;

6) істің сотқа жіберілгендігі туралы жәбірленушіні хабардар етеді.

Кінәні мойындау туралы мәміле түріндегі процестік келісім жасалатын істер бойынша, істі сотқа жіберу кезінде айыптау актісі болмайды.

Тергеуші, анықтаушы келесі әрекеттерді жүзеге асырады:

1) процестік келісімге қол қайылғаннан кейін, прокурордан тергеу әрекеттерін және басқа да процестік әрекеттерді жүргізу жөнінде іс келіп түскеннен кейін оларды орындауға кіріседі;

2) күдіктінің, айыпталушының кінәлілігін растау үшін жеткілікті түрде дәлелдемелер жиналғаннан кейін, іс прокурорға жолданады.

Заң қылмыстық істерді сотта келісімдік іс жүргізуде қараудың екі негізін бекітеді:

– бірінші негіз сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында кінәні мойындау туралы процестік келісімді жасаудан тұрады;

– екінші негіз сот талқылауы барысында кінәні мойындау туралы процестік келісімді жасаудан тұрады.

Екінші негіз іс бойынша шешім шығару үшін соттың кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін, тараптардың бір жағының процестік келісім жасау туралы келіспеушілікті мәлімдеген жағдайда күшін жоғалтады (Spiga, 2012: 18).

Бірінші негіз бойынша қылмыстық істерді сотта келісімдік іс жүргізуде қарау тәртібі (ҚР ҚПК 622 бабының 1 тармақшасы) процестік үнемдеу міндеттеріне жету үшін, жеңілдетілген сот рәсімдерімен байланысты бірнеше ерекшеліктерден тұрады.

Бұл ерекшеліктер шартты түрде екі топқа бөлінеді: бірінші топ іс сотқа келіп түскеннен бастап келіп түскен істі тексерудің нәтижесі бойынша соттың қабылдайтын шешімінен тұрады; екінші топ – сот талқылауын келісімдік іс жүргізуде қарау туралы шешім қабылдағаннан және келісімдік іс жүргізу тәртібінде қаралған істі қараудың нәтижесі бойынша соттың қабылданған шешімінен тұрады.

Бірінші топтың ережелері мыналардан тұрады:

1) Судья келісімдік іс жүргізуде қарау туралы қылмыстық іс келіп түскеннен кейін тексереді:

а) кінәні мойындау туралы мәміле түріндегі процестік келісімінің бар екендігін;

б) тараптардың істі келісімдік іс жүргізуде қарау туралы өтінішхаты бар екендігін;

в) жасалған процестік келісімнің нысаны мен мазмұны заң талаптарына сай келетіндігін;

2) тексерудің нәтижесі бойынша судья мына қаулылардың бірін шығарады:

а) келісімдік іс жүргізуде қарау үшін сот талқылауын тағайындау туралы;

б) келісімдік іс жүргізуді қолдану үшін негіздер болмаса, қылмыстық істі прокурорға

қайтару туралы (аталған шешімді қабылдау үшін ҚР ҚПК 321 бабы бойынша алдын ала тыңдау жүргізілуі қажет);

в) сот қылмыстың саралануымен, азаматтық талап қоюдың мөлшерімен, жазаның түрімен және (немесе) мөлшерімен келіспесе, жаңа келісім жасасу мүмкіндігін ұсына отырып, қылмыстық істі прокурорға қайтару туралы (аталған шешімді қабылдау үшін ҚР ҚПК 321 бабы бойынша алдын ала тыңдау жүргізілуі қажет);

3) судья жаңа процестік келісімді алған кезде, заң талаптарының орындалуын тексереді, сондай-ақ іс бойынша жаңа процестік келісімді жасау үшін істі прокурорға қайтарған кездегі судьяның талаптарының орындалуының дұрыстығын тексереді;

4) жүргізілген тексерістің нәтижесі бойынша, судья мына қаулылардың біреуін шығарады:

а) келісімдік іс жүргізуде сот талқылауын тағайындау туралы;

б) істі келісімдік іс жүргізуде қараудан бас тарту туралы және іс бойынша жалпы тәртіпте іс жүргізу үшін прокурорға жіберу туралы;

5) заң келісімдік іс жүргізуге қатысатын адамдардың құрамын бекітеді, атап айтқанда: прокурор, сотталушы және оның қорғаушысы. Жәбірленушіден, азаматтық талапкерден және олардың өкілдерінен тұратын айыптау тарабы, әдетте, сот отырысына қатыспайды. Олардың қатысуы туралы мәселе, қажеттілік туындаған жағдайда судьяның шешімі бойынша, ғылыми-техникалық құралдардың және коммуникацияның (мысалы, қашықтықтан жауап алу) қолданылуы арқылы қамтамасыз етіледі (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Бюллетені, 2015: 19).

Екінші топтың ережелері мынадан тұрады:

1) басты сот талқылауының орнына келісімдік іс жүргізуде сот талқылауы жүзеге асырылады (ҚР ҚПК 625 бабы);

2) жалпы тәртіпте жасалатын қарсылық білдірулер және өтінішхат мәлімдеулер шешілген соң, төрағалық етуші прокурорға кінәні мойындау туралы мәміле түріндегі процестік келісімнің мәнін баяндауды ұсынады;

3) сотталушының ұстанымын анықтау, ҚР ҚПК 365 бабында көзделген жалпы тәртіпке қарағанда қысқартылған сипатта болады және мына сұрақтарды анықтаудан тұрады:

а) сотталушыға процестік келісімнің мәні түсінікті ме;

б) сотталушы осы процестік келісіммен келіседі ме;

в) процестік келісім сотталушы тарапынан ерікті түрде жасалды ма;

г) сотталушы жасалған келісімді қолдайды ма;

д) сотталушы осы іс бойынша қандай да бір мәлімдеме жасағысы келе ме;

4) төрағалық етуші сотталушының ұстанымын анықтағаннан кейін кінәні мойындау туралы мәміле түріндегі процестік келісімге қатысты прокурордың және қорғаушының пікірлерін тыңдайды;

5) содан кейін төрағалық етуші істі сотта талқылауға көшеді, оған мыналар жатады:

а) сотталушыдан және жәбірленушіден жауап алу;

б) процестік келісімді жасаудың мән-жайларын анықтау;

6) судья процестік келісімді қарағаннан кейін, сотталушыдан мыналарды анықтайды:

а) оның отбасылық және материалдық жағдайын;

б) процестік келісімде көрсетілген мүліктік өндіріп алуларға қатысты сот актісін өз еркімен орындау үшін оған қандай мерзімнің қажет екендігін;

7) сотталушыға соңғы сөздің орнына сотқа қандай да бір қосымша мәлімдеме жасау құқығы беріледі;

8) сотталушыны тыңдап болғаннан кейін, төрағалық етуші кеңесу бөлмесіне кетеді және процестің қатысушыларына соттың шешімін жария ету уақытын хабарлайды.

Қысқартылған тәртіптегі сот талқылауы он тәулікке дейінгі мерзімде аяқталуы керек. Қажет болған жағдайда бұндай мерзім судьяның қаулысы бойынша жиырма тәулікке дейінгі мерзімге ұзартылуы мүмкін (ҚР ҚПК 382 бабының 2 бөлігі).

Басты сот талқылауы барысында бұл туралы өтініш хат берілгенде келісімдік іс жүргізудің ерекшеліктері.

Істің мәні бойынша шешім шығару үшін судья кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін, басты сот талқылауы барысында прокурордың, сотталушының және оның қорғаушысының кінәні мойындау туралы мәміле түріндегі процестік келісім жасауға құқылы екендігі бұдан Төрағалық етуші мұндай өтінішхат мәлімделген кезде сот талқылауын үзіп, тараптарға процестік келісім жасауға мүмкіндік береді. Заң нақты мерзімді бекітпеген. Мерзімнің ұзақтығы қисынды уақытқа судьямен бекітіледі. Қисынды мерзім – бұл қандай да бір процестік әрекетті жасауға

қажетті уақыт аралығы екені белгілі, бұл жағдайда – келісімнің жасалуы үшін қажетті уақыт.

Жасалған келісім судьяға беріледі. Судья ҚР ҚПК 623 бабының 1 бөлігіне сәйкес процестік келісімді тексерудің негізінде мына қаулылардың бірін шығарады:

1) істі қарауды келісімдік іс жүргізу тәртібінде қарауды жалғастыру туралы;

2) істі қарауды жалпы тәртіпте қарауды жалғастыру туралы.

Сотта жасалған процестік келісімнің құрылымы мен мазмұны.

Бұндай процестік келісімнің құрылым мен мазмұнында сотқа дейінгі тергеп-тексеру стадиясында жасалған келісімнен айырмашылықтары болады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру стадиясында жасалған процестік келісімнің мазмұны мен құрылымына, ҚР ҚПК 616 бабының 1 бөлігіне сәйкес көзделген барлық талаптар толық көлемде қойылады (10 тармақ бойынша). Басты сот талқылауы барысында жасалған процестік келісімнің мазмұны мен құрылымы, қысқартылған сипатта болады: ҚР ҚПК 616 бабының 1 бөлігінің алғашқы 8 тармақшасы бойынша ғана талап қойылады. Аталған норманың 9 және 10 тармақтарын сақтау талап етілмейді, атап айтқанда, процестік келісімді жасаудың салдарларын көрсету; бұндай келісім жасау жөніндегі жәбірленушінің келісімін көрсету. Сондай-ақ, прокурор сұрайтын жазаның түрі мен мөлшерін көздейтін, ҚР ҚПК 616 бабының 1 бөлігінің 8 тармақшасын орындау барысында, заң мыналарды атап көрсетеді: 1) егер сотталушыға үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындалса, онда келісімде әрбір қылмыс үшін жазаның түрі мен мөлшері, сондай-ақ түпкілікті жазаның түрі мен мөлшері де көрсетіледі (ҚР ҚПК 629 бабының 2 бөлігі); 2) егер сотталушыға үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындалса, онда келісімде түпкілікті жазаның түрі мен мөлшері де көрсетіледі (ҚР ҚПК 629 бабының 3 бөлігі).

Қорытынды

Жоғарыда жүргізілгенге сараптама жасайтын болсақ процестік келісім бұл өз алдына күрделі процессуалдық әрекет болып табылады, себебі бұл жерде қылмыстық іс жүргізуге қатысушы барлық лауазымды тұлғалар түгелдей қатысады және белгілі функцияларды атқарады. Осы жаңа институтты кеңінен қолдану бұл күдікті,

айыпталушының қорғалу құқығын қамтамасыз етудің бірден бір кепілі болып табылады деп айта кетуге болады. Бұл мәселені келесідей жағдайда байқауға болады: процестік келісім бойынша іс жүргізу шешімін шығару үшін судья сотталушының құқығы мен бостандығын сақтау мақсатында оның процестік келісімге ерікті түрде келгенін анықтайды, сонымен бірге, келісімнің мәнін түсінетінін, онымен келіспесе, түсінбесе, ерікті болмаса, қосымша хабарлауы қажеттігін мәлімдейді. Содан соң прокурор мен қорғаушының пікірін баяндауды ұсынып, олардың процестік келісімді қолдайтынын анықтайды. Қажет деп тапқан жағдайда судьяның

процестік келісімді жасаудың тәртібін сақтау мәселесі бойынша сотталушыдан, прокурордан және қорғаушыдан жауап алуға құқығы бар (Zhanibekov, Alimkulov, Bayandina, Bersugurov, Muhamadieva, 2015: 20).

Процестік келісімнің мақсаты тергеу әрекеттерін жеңілдету болса және күдікті немесе айыпталушы кінәсін мойындап, жинақталған дәлелдермен келісе отырып, процестік келісімге қол қойылғаннан кейін қосымша дәлелдер жинаудың қажеттігі жоқ деген пікірдеміз.

Процестік келісім институты болашақта қылмыстық іс жүргізу тәжірибесіне оң нәтиже береді деп санаймыз.

Әдебиеттер

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

Абенова Ж. Процессуальное соглашение или сделка с прокурором // *Зангер*. – №3(176). – 2016. – С. 86-88.

Самарин В.И. Введение согласительных начал для сотрудничества в правоотношениях между органами уголовного преследования с обвиняемыми (подозреваемыми) в Республике Беларусь и Республике Казахстан // *Хабаршы-Вестник КазНПУ им.Абая им.Абая, Серия «Юриспруденция»*. – № 4(38). – 2014. – С. 23-27.

Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 7 июля 2016 года № 4 «О практике рассмотрения судами уголовных дел в согласительном производстве» // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39517300

Юридический словарь / под ред. А.Н. Азрилияна. – М.: Институт новой экономики. – 2007. – 1152 с.

Hanna Kuczynska. The Accusation model before the international criminal court. Springer. – 2014. – 415 p.

Багаутдинов Ф.Н., Нафиков И.С. Актуальные вопросы реализации в уголовном судопроизводстве досудебного соглашения о сотрудничестве // *Российская юстиция*, №11, 2015 г. – С. 33-35.

Тисен О.Н. Судебное соглашение о сотрудничестве: авторская модель // *Российская юстиция*. – №2. – 2016. – С. 75-77.

Большой юридический словарь / под ред. А.Я. Сухарева, В.Е. Крутских. – М.: ИНФРА, 2002. – 704 с.

Темиралиев Т. Совершенствование института упрощенного досудебного производства // *Закон и время*. – №1. – 2011. – С. 10-13.

Ivan Jovanović, Mirosljub Stanisavljević. Simplified Forms of Procedure in Criminal Matters. OSCE Mission to Serbia. Belgrade, 2013. – 391 pp.

Смирнов А.В., Калиновский К.Б. Уголовный процесс: учебник. – СПб.: Питер, 2007. – 697 с.

Большой словарь иностранных слов / Сост. А.Ю. Москвин. – М.: ЗАО Центрполиграф, 2007. – 816 с.

Алламурадов О. Обеспечение защиты лиц, содействующих раскрытию преступления // *Юрист*. – №2. – 2007. – С. 92-95.

Джекебаев У.С. Уголовно-правовые и криминологические проблемы сделок о признании вины // *Право и государство*. – №2(25). – 2002. – С. 55-58.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

Laxminarayan, M. Pemberton, A. The interaction of criminal procedure and outcome // *International Journal of Law and Psychiatry* Volume 37, Issue 6, 1 November 2014. – P. 564-571.

Spiga V. No redress without justice: Victims and international criminal law // *Journal of International Criminal Justice* Volume 10, Issue 5, December 2012. – P. 1377-1394

Сот тәжірибесінде пайда болатын сұрақтар бойынша түсіндірмелер. Қылмыстық процестегі мәмілелер // *Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Бюллетені*. – №10. – 2015ж. – 70-82 бб.

Zhanibekov A.K., Alimkulov E.T., Bayandina M.O., Bersugurova L.S., Muhamadieva G.N. On Guarantees of realization of personal inviolability principle at detention of suspect // *Mediterranean journal of social sciences*. Vol.6, No.6, November 2015.- Rome, Italy. – 2015. – P. 273-277.

References

Abenova Z.H. Protsexual'noye soglasheniye ili sdelka s prokurorom // *Zazhger*, №3 (176), 2016g. – S. 86-88.

Allamuradov O. Obespecheniye zashchity lits, sodeystvuyushchikh raskrytiyu prestupleniy // *Yurist*, №2, 2007g. – S. 92-95.

Alimkulov E.T., Zhanibekov A.K., Bayandina M.O., Bersugurova L.S., Muhamadieva G.N. On Guarantees of realization of personal inviolability principle at detention of suspect // *Mediterranean journal of social sciences*. Vol.6, No.6, November 2015.- Rome, Italy.- 2015.- P. 273-277.

- Bagautdinov F.N., Nafikov I.S. Aktual'nyye voprosy realizatsii v ugovnom sudoproizvodstve dosudebnogo soglashiya o sotrudnichestve // Rossiyskaya yustitsiya, №11, 2015g. – S. 33-35.
- Bolshoy slovar inostrannykh slov / Sost. A.YU.Moskvin. – M.: ZAO Tsentrpoligraf, 2007. – 816s.
- Bolshoy yuridicheskiy slovar / Pod red. A.YA.Sukhareva, V.Ye.Krutskikh. – M.: INFRA, 2002. – 704 s.
- Dzhekebayev U.S. Ugolovno-pravovyye i kriminologicheskiye problemy sdelok o priznanii viny // Pravo i gosudarstvo, №2 (25), 2002g. – S. 55-58.
- Hanna Kuczynska. The Accusation model before the international criminal court. Springer. – 2014. – 415 p.
- Ivan Jovanović, Mirosljub Stanisavljević. Simplified Forms of Procedure in Criminal Matters. OSCE Mission to Serbia. Belgrade, 2013. – 391 pp.
- Kazakstan Respublikasynyn Kylmystyk protsestik kodeksi 2014 zhyldyn 4 shildesinde kabyldangan // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>
- Kazakstan Respublikasynyn Kylmystyk kodeksi. – 2014 zhyldyn 4 shildesinde kabyldangan // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
- Laxminarayan, M. Pemberton, A. The interaction of criminal procedure and outcome // International Journal of Law and Psychiatry Volume 37, Issue 6, 1 November 2014. – P. 564-571.
- Normativnoye postanovleniye Verkhovnogo Suda Respubliki Kazakhstan ot 7 iyulya 2016 goda № 4 «O praktike rassmotreniya sudami ugovolnykh del v soglasnom proizvodstve» // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39517300
- Samarin V.I. Vvedeniye soglasitel'nykh idey dlya sotrudnichestva v pravootnosheniyakh (podozrevayemym) v Respublike Belarus' i Respublike Kazakhstan // Khabarshy-Vestnik KazNPU im.Abaya im.Abaya, Seriya «Yurisprudentsiya», № 4 (38), 2014g. – S. 23-27.
- Smirnov A.V., Kalinovskiy K.B. (2007) Ugolovnyy protsess: Uchebnik. – SPb.: Piter. – 697s.
- Sot tәzhiribesinde payda bolatyn suraktar boyynsha tәsindirmeler. Kylmystyk protsestegi mәmileler // Kazakstan Respublikasy Zhogargy Sotynyn Byulleteni. – №10. – 2015g. – 70-82 bb.
- Spiga V. No redress without justice: Victims and international criminal law // Journal of International Criminal Justice Volume 10, Issue 5, December 2012. – P. 1377-1394
- Temiraliyev T. Sovershenstvovaniye instituta uproschennogo dosudebnogo proizvodstva // Zakon i vremya, №1, 2011g. – S. 10-13.
- Tisen O.N. Sudebnoye soglashiye o sotrudnichestve: avtorskaya model' // Rossiyskaya yustitsiya, №2, 2016 g. – S.75-77.
- Yuridicheskiy slovar / Pod red. A.N.Azriliyan. – M.: Institut novoy ekonomiki. – 2007. – 1152 s.